

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 35 (946) 11 тамыз 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Премьер-министр Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында күн тәртібінен тыс Қарағанды облысында балалардың жаппай улану жағдайы, сондай-ақ су тасқынына, көші-қон мәселелері мен бір жылда 1 000 мектепті жаңғыртуға қатысты проблемалар қаралды.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Финият Қарағанды облысындағы Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына түскен 14 баланың бүгінде алтауы ауруханада және барлығы жансақтау бөлімінде жатқанын айтты. Олардың төртеуінің жағдайы – ауыр халде. Қалған екі баланың жағдайы – неврологиялық тапшылық, интоксикация синдромы және тыныс алу жеткіліксіздігіне байланысты өте ауыр. Бұған дейін 7 бала қанағаттанарлық жағдайда шығарылған, бүгінде олар – дәрігерлердің бақылауында.

Осы оқиға туралы ақпарат түскен сәттен бастап Денсаулық сақтау министрлігі шұғыл түрде республикалық жетекші балалар мамандарын осы іске жұмылдырған. Интенсивті терапия көрсетілді, республикалық және облыстық деңгейдегі білікті мамандардың кеңейтілген кеңесі ұйымдастырылды.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті эпидемияға қарсы іс-шаралар мен тергеу жұмыстарын жалғастырып жатыр. Алдын ала эпидемиологиялық тексеру нәтижелері бойынша зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің деректері, аурудың даму сипаты негізінде тағамнан топтық улану және жұқпалы аурулар алынып тасталады. Жаппай уланудың ықтимал себебі – улы затпен улану. Қазір сот-медициналық сараптама жүргізіліп жатыр.

Премьер-министр балаларды барлық қажетті дәрігерлік көмекпен қамтамасыз етіп, ауруханадан шыққаннан кейін де олардың жағдайын ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

«Ішкі істер министрлігі болған оқиғаның нақты себептері мен кінәлілерді анықтау бойынша тергеу амалдарын мұқият жүргізуге тиіс», деді Ә.Смайылов.

Сондай-ақ Үкімет басшысы өңірлердің әкімдіктерінен интернеттік, медициналық-әлеуметтік мекемелердегі балалардың қауіпсіздігін бақылауды күшейтуді талап етті.

Су тасқыны қателікті кешірмейді

Үкімет отырысының күн тәртібіне әуелі су тасқынына дайындық шаралары шықты. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановтың баяндауына, бүгінде мемлекеттік су тасқынына қарсы бағдарламалар аясында атқарылған іс-шаралар 100 мыңға жуық үй орналасқан және 455 мыңнан аса тұрғыны бар 607 елді мекендегі қауіпті азайтып, 214 елді мекеннің қауіпін мүлде жоюға мүмкіндік берген.

Оған қоса өңірлерде дайындық жұмыстары жалғасуда. Мәселен, жыл басынан бері 25 шақырым уақытша бөгет пен 57 шақырым дуал тұрғызылды, шамамен 5 мың шақырым канал мен 6 мың шақырым арық, су өткізетін 15 мың автомобиль, 3 мыңнан аса теміржол құрылыстары тазартылыпты.

Әкімдіктермен бірлесіп, су тасқыны қаупі бар елді мекендер мен учаскелердің тізіміне түзету жүргізілді. Нәтижесінде, олардың саны 24-ке көбейіп, 1 072-ге жетті. Бұл алдын алу шараларын уақытылы өткізуге мүмкіндік береді.

Премьер-министрдің айтуынша, су тасқыны кезеңіне дайындық мәселесі алдын ала арнайы қаралуда.

«Көктемге дейін әлі біраз уақыт бар. Дегенмен барлық дайындық шарасын қыс түскенше аяқтау қажет. Су тасқыны қателіктерді кешірмейді, орындамай қалған жұмыстар мен бөлінбей қалған қаражаттың соңы төтенше жағдайларға әкеп соқтыруы мүмкін», деді Ә.Смайылов.

Ол биылғы көктем де оңай болмағанын айтып өтті. Оңтүстік және батыс өңірлерде су бұру каналдары мен арықтардың, ондағы елді мекендердің маңайында тасқындан қорғайтын топырақ үйінділерінің болмауы жағдайды қиындатып жіберді.

«Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарында дренаждық жүйелер қатты жауын-шашынға төтеп бере алмады. Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында бұрыннан бар бөгеттер мен топырақ үйінділерін су шайып кетті. Соның салдарынан тұрғын үйлерге су жайылып, олар опырылып құлады. Ал Қостанай облысының Шилі ауылында 2020 жылы ғана күрделі жөндеу жүргізілген тоған қирап қалған», деді Үкімет басшысы.

Премьер-министр екі апта ішінде халықты су тасқынынан қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындау және көп көлемде су келуіне дайындық барысын бақылау қажеттігін атап өтті. Ол Жол картасы уақытында іске асырылмаса, орындалмай қалатыны сөзсіз екенін айтты.

«Бұл өз кезегінде, материалдық шығын мен су басу қаупін арттыра түседі. Мүдделі мемлекеттік органдар осы жылдың соңына дейін жоспарланған су тасқынына қарсы іс-шаралардың орындалуын бақылауда ұстауы қажет», деді Ә.Смайылов.

Сонымен қатар ол күздің соңына дейін елді мекендерді

қоршау, құбырлар мен арықтарды тазарту, гидротехникалық құрылыстардың жай-күйін тексеру және су бұру каналдарын дайындау жөніндегі жұмысты аяқтау қажеттігіне де назар аударды. Оның айтуынша, нысандарды салу кезінде нормалардың сақталмауынан да елді мекендерді су басу жағдайлары қайталанып жатыр.

«Биыл Атырау, Қостанай және Түркістан облыстарында су басқан үйлер су қорғау белдеуінің аумағында орналасқан. Мүдделі мемлекеттік органдар суға жақын маңда құрылыс салуға жер учаскелерін бөлу талаптарын күшейтуі қажет», деді Премьер-министр.

Гидротехникалық құрылыстардың жағдайы қатты алаңдатады. Осыған байланысты тек республикалық нысандардың ғана емес, сондай-ақ көп жылдардан бері қараусыз жатқан коммуналдық және жеке меншік су қоймалары мен бөгеттердің де жөндеу жұмыстарын үйлестіру керек.

Көші-қонға бірыңғай жүйе керек

Елімізде көші-қон үдерісін реттеудің бірыңғай жүйесін енгізу жоспарланып отыр. Үкімет отырысында Көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру барысы қаралды.

Премьер-министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова тұжырымдама шеңберінде қабылданған шаралар кейінгі 10 жылда алғаш рет көші-қонның оң үрдіс қалыптастырғанын айтты. Шетелдіктер негізінен тұрақты тұруға ТМД, ҚХР және Моңғолия елдерінен келіп отыр. Бұл ретте техникалық, экономикалық, педагогикалық және медициналық жоғары білімі бар шетел азаматтары көбірек келе бастады. Сонымен қатар, бүгінде ішкі көші-қон ағындары да тұрақтанды. Жыл басынан бері 160 мыңнан аса адам ел ішінде қоныс аударды. Бұл ретте республиканың ірі қалалары ішкі мигранттарды тарту орталығы болып қала береді. Олардың үлес салмағы – 40% көлемінде. Ол Көші-қон саясаты тұжырымдамасын жүзеге асырудың негізгі бағыттарына да тоқталды. Біріншісі – білім иммиграциясы, оның мақсаты – Қазақстанды өңірлік білім беру хабына айналдыру. Бұл үшін заманауи кампустары мен ғылыми зертханалары бар салалық университеттер ашу бойынша кешенді жұмыс жүргізіліп келеді. Екі жыл ішінде еліміздің жоғары оқу орындары базасында шетелдің ірі университеттерінің 6 филиалы құрылды. Бизнес-иммиграцияны дамыту аясында Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша шаралар қабылданып жатыр. Атап айтқанда, А-5 санатындағы инвесторлар шетелден жұмыс күшін тарту үшін рұқсат алмайтын болды. Жыл басынан бері 76 шетел азаматына осындай инвестор визасы берілді. Сонымен қатар әлеуетті инвесторларға шетелдегі мекемелерден «бір өтініш» қағидаты бойынша ЖСН және ЭЦҚ беру рәсімі жеңілдетілді және шетелде табысты бизнестері бар этностық қазақтарға «Ата жолы» картасын беру тәртібі бекітілді. Бүгінгі таңда «Ата жолы» картасын иеленген қандастардың алдын ала тізімі жасалды.

Тағы бір бағыт аясында Қазақстанға шетелдік білікті мамандар тарту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мәселен, биыл 1 шілдеден бастап талап етілетін кәсіптердің бекітілген тізбесі шеңберінде нақты жұмыс басталды. Енді осы тізімдегі мамандығы бар шетелдіктер елімізде тұрақты тұруға ықтиярхат алу үшін жеңілдетілген тәртіппен өтініш бере алады.

Этностық иммиграцияны реттейтін бағыт шеңберінде «қандас» мәртебесін алуға бағытталған өтініштерді қабылдау тетігі қайта қаралды. Мәселен, 1 шілдеден бастап елшіліктер шетелдегі қандастарымыздың өтініштерін «Бір терезе» қағидаты бойынша қарай бастады.

Премьер-министрдің орынбасары сөзін қорытындылай келе, жұмыс күші көп өңірлер мен жұмыс күші жетіспейтін аймақтар арасындағы демографиялық айырманы теңестіру жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ босқындармен жұмыс істеудің жаңа тәсілдері туралы баяндады.

Премьер-министрдің айтуынша, 2027 жылға дейінгі көші-қон саясатының тұжырымдамасы көші-қон үдерістерін басқаруда қолданыстағы тәсілдерді жетілдіріп, жаңа тәсілдерді дамытуға бағытталған. Құжаттың негізгі басымдықтарының бірі – елімізге біліктілігі жоғары мамандарды, соның ішінде кәсіпкерлерді, яғни әлеуетті инвесторларды тарту.

«Біз басқа елдерден бизнесмендерді, сұранысқа ие мамандарды тарта аламыз. Алайда азаматтарды өз еліміздің ішінде жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аударуын ынталандыруға баса көңіл бөлуіміз қажет», деді Ә.Смайылов.

Үкімет басшысы Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында өңірлік квотаны орындау жұмыстары баяу екенін атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте).

ТАҒАЙЫНДАУ

Тайынша ауданы әкімінің өкімімен Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы болып Жәкенова Айнагүл Сағатқызы тағайындалды.

Жәкенова Айнагүл Сағатқызы Көкшетау облысы Красноармейск ауданының № 8 разьезде 1975 жылы дүниеге келді.

Екі жоғары білімі бар, 1997 жылы Солтүстік Қазақстан университетін экономика және өндірісті басқару мамандығы бойынша, 2003 жылы Солтүстік Қазақстан заң академиясын Заңгер мамандығы бойынша аяқтады.

Еңбек жолын 1997 жылы «Тайынша ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде экономика және нарықтық қатынастардың жетекші маманы болып бастады.

1999 жылдың мамыр айынан бастап, Тайынша ауданының қаржы бөлімінің бас маманы, Тайынша ауданы әкімі аппаратының бас маманы болып жұмыс істеді.

2013 жылдың қыркүйегінен 2019 жылдың ақпанына дейін Тайынша ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің бас маманы, басшысы болып жұмыс істеді.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалғанға дейін, Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары болып жұмыс істеді.



АҒА БУЫН АЛДАНБАСЫН

Үздіксіз жүргізіліп келе жатқан профилактикалық жұмыстарға қарамастан интернет алаяқтардың аяғына тұсау салынбай тұр. Әсіресе қарт адамдардың алдану фактілері жиілеп кетті. Әдетте телефонның арғы жағындағылар оларға туыстарының жол-көлік апатына кінәлі екендігі туралы айтып, ақша талап етеді. Ал қаржы қолына тигеннен кейін ізім-ғайым жоқ болады.

Зейнеткерлердің бәрі ғаламторды пайдаланбайтындықтан алаяқтар жөніндегі ақпараттан бейхабар. Сондықтан да облыстық полиция департаментінің мамандары ХҚКО және зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Петропавлдағы филиалдарында аға буын өкілдеріне кезекті түсіндіру акцияларын өткізуде. Онда келушілерге жадынамалар таратылып, алаяқтардан қалай қорғану керектігі түсіндіріледі. Негізгі кеңес – кез келген ақпаратты ресми арналар арқылы тексеру. Егер алаяқтар өздерін полиция қызметкері ретінде таныстырса, полицияға қоңырау шалып, мұндай қызметкерлердің жұмыс істейтінін, шынымен де жол-көлік оқиғасы орын алғандығын тексеру керек. Полицейлер бұл бағыттағы түсіндіру жұмыстарын одан әрі жалғастыра бермек. Облыста 6 ай ішінде 342 интернет-алақтық фактісі тіркелген. Шілде айында облыста тағы 40-тан астам осындай қылмыс орын алды. Ең жиі кездесетін схемалар – «банктен қоңырау шалу» және интернет арқылы сатып алу кезінде алдын-ала төлемді талап ету.

Игорь МЕРЦАЛОВ,
облыстық полиция департаменті ішкі және сыртқы коммуникациялар бөлімінің жетекші маманы.

Құрметті Тайынша ауданының тұрғындары!

Сіздерді Тайынша қаласында қаржылық сауаттылық бойынша өтетін офлайн-тренингке шақырамыз! 7 тамыздан бастап АМАНАТ партиясының ғимаратында сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін сіз отбасылық бюджетті сауатты басқару, қаржыны жоспарлау, кредиттік жүктемені басқару және қолжетімді қаржы құралдары мен мемлекеттік қолдау шаралары туралы біле аласыз. Тренингке қатысу тегін. Орындар саны шектеулі. Байланыс телефондары: 22-0-47.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

«Еңбек ресурстарын тарту бойынша бұдан да тиімді шаралар қабылдап, жұмыс күші артық өңір әкімдіктерімен өзара іс-қимылды жолға қою керек. Барлық жерде тиісті бейімделу және интеграция орталықтарын құруды қамтамасыз ету қажет. Мұндай орталықтар Абай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында әлі күнге дейін құрылмаған», деді ол.

Бұған қоса Премьер-министр жетекші шетелдік университеттермен бірге академиялық ұтқырлықты кеңейту жөнінде пәрменді шаралар қабылдау, сондай-ақ шетелдік оқытушылар мен жас ғалымдарды тарту бағдарламасы аясында іс-шараларды күшейту қажеттігін де айтты.

Оның айтуынша, елге перспективасы бар шетелдік бизнесмендерді тартуға бағытталған жобаларды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету маңызды.

«Біз біліктілігі жоғары шетелдік мамандарды осындай кадрлар жетіспейтін салаларға тартуымыз керек, олар отандық мамандарға өз білгендерін үйретуге тиіс» деді Ә.Смайылов.

Премьер-министр Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Сыртқы істер министрлігімен бірге елімізде жоғары сұраныс бар мамандық иесі немесе шетелде табысты бизнес-жобалары болса, олардың мүмкіндіктерін әрі қарай Қазақстанда пайдалану үшін шетелдік азаматтардың елімізге жеңілдетілген тәртіппен кіруін қамтамасыз ету қажет екеніне назар аударды.

Сөйте келе ол заңсыз көші-қонмен күресті және шетелде жұмыс істеп жүрген қазақстандықтардың құқықтарын қорғау шараларын күшейту, сондай-ақ жыл соңына дейін «Бүркіт» жүйесімен интеграциялай отырып, елдегі көші-қон үдерістерін реттеудің бірыңғай жүйесін енгізу қажеттігін айтты.

Шағын қалалар мен ауылдардағы мектептерді жаңғырту
Отырыста Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штабта шағын қалалардағы, аудан орталықтары мен ауылдардағы мектептерді заман талабына сай жаңғырту, білім беру ұйымдарын қауіпсіздік жабдықтарымен қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан биыл 1 000 мектепті жаңғырту көзделіп отырғанын айтты. Бұған күрделі жөндеу, пән кабинеттерін жабдықтау, мектеп жиһаздарын жаңарту, кітапханаларды, асханалар мен қауіпсіздік жағдайларын жақсарту кіреді. Бүгінгі таңда 567 мектепте жұмыс аяқталды. Бұл ретте биыл 1 000 заманауи пән кабинеттерін (роботтехника, химия, биология немесе физика) ашу жоспарланған. Қазір 16 өңірдегі 290 мектепте осындай 543 кабинет жабдықталған. Тамыз айының басындағы жағдай бойынша 74% білім беру ұйымдарының бейнебақылау камералары ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарына қосылғанын хабарлады. Білім беру ұйымдарының 79%-ы лицензиялық күзетпен, 78%-ы дабыл түймешесімен, 64%-ы турникетпен қамтамасыз етілген. Премьер-министр өңірлерде көптеген баланың сапалы білімге қол жеткізе алмай отырғанын айтты. Әсіресе Атырау, Маңғыстау, Алматы және Түркістан облыстарында күрделі жағдай қалыптасып отыр.

«Ауыл мектептерінде талапқа сай жабдықталған кабинеттердің жетіспеуіне байланысты физика, химия, биология пәндері бойынша көптеген зертханалық және тәжірибелік жұмыстар өз деңгейінде жүргізілмейді. Мұндай мектептер педагогтерді де, оқушыларды да тартпайды», деді Ә.Смайылов.

Оның айтуынша, жағдайды жақсарту және ауыл мен қала арасындағы білім сапасындағы айырмашылықты азайту үшін жыл сайын 1 000 мектептен жаңғыртып отыру қажет. Алайда Оқу-ағарту министрлігі жергілікті жерлерде осы міндеттерді шешу бойынша үйлестіру жұмыстарын тиісті деңгейде қамтамасыз етпей отыр. «Мектептерді жаңғыртудың нақты стандартталған талаптары бекітілмеген. Әр мектеп жаңғыртуды өз бетінше түсінеді, өздеріне қалай ыңғайлы, солай бұрып алады. Мектепті кешенді жаңартудың орнына бір немесе екі жұмыс түрі бойынша есеп береді. Мектеп қабырғасын әктесе болды – жаңғырту жүргізілді, есеп беруге болады деп ойлайды. Нәтижесінде, жергілікті жерлерде не оқушылар, не ата-аналар, не қоғам өз мектебіндегі көзге түсетін өзгерісті байқамайды», деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы есеп беру үшін жасалған мұндай формальды тәсіл білім берудің сапасын жақсартуға, мектептерде жайлы жағдай жасауға мүмкіндік бермейтінін атап өтті. Сөйтіп білім беру объектілерін қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз ету жұмыстарында да осындай жауапсыздықтың орын алып отырғанын айтты. «Қауіпсіздік талаптары бойынша бейнекамералардағы ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 30 күн болуы керек, бірақ бұл барлық мекемеде орындала бермейді. Оқу-ағарту министрлігі мен Ішкі істер министрлігі тарапынан білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздікті сақтау талаптарына тұрақты мониторинг жүргізілмейді. Нәтижесінде, камераларды, турникеттерді, дабыл түймешелерін есепке алу және оларды жедел басқару орталықтарына қосу тәртібі жоқ», деді Ә.Смайылов.

Сөйтіп білім беру мекемелерін кешенді жаңғырту бойынша стандартталған талаптарды және бақылау механизмдерін әзірлеуді және бекітуді, сондай-ақ 15 тамызға дейін мемлекеттік және жекеменшік мектептердегі бейнебақылау камераларына толықтай инвентаризация жүргізуді тапсырды.

«Жедел басқару орталықтарына қосуға жатпайтын мектеп санын нақты айқындау қажет, бірақ олардың қауіпсіздігін бақылау механизмдерін пысықтау керек. Жаңа оқу жылына дайындық тақырыбын, оның ішінде осы мәселелерді де біз таяу уақытта Үкімет отырысында қарастырамыз», деп сөзін түйіндеді Ә.Смайылов.

Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ, тілші.

САЛЫМШЫНЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІ



БЖЗК – Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржы және ақпараттық ағындарының бірыңғай әкімшісі және операторы. Ол заңнама талаптарына сәйкес салымшыларға (алушыларға) зейнетақы қызметтерін көрсетуге міндетті.

БЖЗК өзінің заңнамалық міндеттерін іске асыру кезінде салымшылардың (алушылардың), олардың сенім білдірілген адамдарының, заңды өкілдерінің дербес деректерін қамтитын ақпараттық жүйенің операторы/меншік иесі болып есептеледі. БЖЗК-дан қызметті алмас бұрын салымшы (алушы)/сенім білдірілген адам/заңды өкіл өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін береді.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗК тек мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) қажетті ақпарат алмасуды жүргізеді. Мысалы, егер салымшы жеке кәсіпкерлік жаңартқан болса, онда бұл деректер уәкілетті мемлекеттік органдармен деректер алмасудың арқасында БЖЗК ақпараттық базасында автоматты түрде өзектендіріледі. Салымшының деректері жеке тұлғаларға берілмейтінін ескертеміз.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗК мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) ақпарат алмасады. БЖЗК ақпараттық жүйесіндегі өтініш білдірген адамның жеке басын куәландыратын құжаттық деректемелері осындай алмасудың арқасында үнемі өзекті болып тұрады. Сіздің деректеріңіз жеке немесе басқа заңды тұлғаларға берілмейтінін ерекше атап өткіміз келеді.

Мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылдың және ақпарат алмасудың арқасында БЖЗК зейнетақы қызметтерін көрсету кезінде өтініш білдірген адамнан оның құжаттары және (немесе) ақпараты мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде болған жағдайда көшірмелерін талап етпейді. Бұл БЖЗК Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жедел және тиімді қызмет көрсетіп, алаяқтық фактілерін жойып отыратынын білдіреді.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V Заңға (бұдан әрі - Заң) сәйкес дербес деректерді жинауды меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырады. Заңның 7-бабының 5-тармағында және 9-бабында (7-бабының 1-тармағы) көзделген жағдайлар, мысалы, егер ақпаратты жариялау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген болса, дербес деректерді жинау және өңдеу әкімшілік құқық бұзушылық, атқарушылық іс жүргізу туралы істерді қозғайтын және қарайтын құқық қорғау органдарының, соттардың және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыру үшін қажет, мемлекеттік органдардың дербес деректерді статистикалық мақсаттар үшін оларды иесіздендірудің міндетті шартымен пайдалануы, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайлар бұған жатпайды.

Сондай-ақ, заңда кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер өздеріне белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті екендігі көзделген (11-бап 2-тармақ).

Анықтама үшін: БЖЗК Басқарма төрағасының 04.04.2023 ж. № 302 бұйрығымен бекітілген "БЖЗК" АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректер тізбесінде БЖЗК мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген БЖЗК тапсырмалары, өкілеттіктері, міндеттері егжей-тегжейлі көрсетілген (<https://www.enpf.kz/kz/services/information/protection.php>).

Осылайша, мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған салымшылардың (алушылардың)/заңды өкілдердің/сенім білдірілген тұлғалардың дербес деректерін жинау және өңдеу БЖЗК-ның зейнетақы қызметтерін сапалы көрсетуі мақсатында жүзеге асырылады.

БЖЗК мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері.

ТӨРТ ЖҰМЫСШЫ КӨЗ ЖҰМДЫ

Тайынша ауданындағы "EMS AGRO" компаниясына қарасты шошқа кешенінде төтенше жағдай орын алып, салдарынан төрт адам мерт болды. Қайғылы оқиға болған жерге өңір басшысы Айдарбек Сапаров барып, жағдайды өз бақылауына алды. Арнайы комиссия құрып, істі егжей-тегжейі тексеру жөнінде тапсырма берді. Қаза болған жұмысшылардың отбасыларына барып, көңіл айтты. 1 тамыз күні түнгі 23:25-тер шамасында аудандық полиция бөліміне хабарлама түскен. Онда Новоовановка елді мекенінде орналасқан шошқа бордақылау кешенінде еңбек ететін төрт жұмысшының ауысым аяқталған соң жұмыс орнынан шықпағаны баяндалған. Жедел іздестіру шаралары барысында олардың денелері 8 метр тереңдіктегі кәріз құдығының түбінен табылған. Алдын ала анықталғандай, 1966, 1991, 1995, 2000 жылдары туған марқұмдар кәріз құдығын тазалау кезінде уланған.

ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекеттік және жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын іске асыруда мемлекеттік билік органдары мен лауазымды тұлғалардың әкімшілік-құқықтық құжаттары болып табылатын мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының нұсқамалары әкімшілік-құқықтық әрекет шеңберінде жиі қолданылады.

Кәсіпкерлік кодексінің 87-ші бабына сәйкес, мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар байқауды және тексеруді жүзеге асырады. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектісіне бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі аталмыш Кодекстің 13-ші тарауында қарастырылған. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау саласындағы қатынастар 129-шы бап бойынша реттеліп, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Ішкі бақылау 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен, сыртқы бақылау Кәсіпкерлік кодексімен айқындалады. Сонымен қатар тексерулерді жүргізу, ұзарту, тоқтата тұру, қайта бастау, бақылау актілерін рәсімдеу тәртібінің өз ерекшеліктері бар. Олар салық, кеден, бәсекелестікті қорғау, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік реттеу, бақылау және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау, прокуратура органдары үшін конституциялық және арнайы заңдармен, сондай-ақ Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі. Сыртқы бақылау нәтижелері негізінде заңнама бұзушылықтар анықталған жағдайда мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде әкімшілік, тәртіптік іс жүргізуді қозғайды не тиісті талап қою арыздарына бастамашылық жасайды және де заңдарда көзделген өзге де шараларды қолдана алады. Бақылау мен қадағалау субъектілерінің қызметі – алдын алу-профилактикалық бақылау, заңдармен айқындалатын тексерулер және тергеп-тексеру. Тергеп-тексеру шаралары Кәсіпкерлік кодексінің жаңа редакциясына осы жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген. Бақылауды ұйымдастырудың және жүргізудің бірінші сатысында міндетті түрде сақталуы тиіс талаптар бар. Олар – тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі, тексеру парақтарын бекіту, тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесін автоматты режимге енгізу, бақылау мен қадағалау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жасау, тергеп-тексеру, бақылау мен қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдау, оны уәкілетті органда тіркеу. Келесі сатыға лауазымды адамдардың әрекеттері кіреді, яғни, құқықтық статистика және арнаулы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелгені туралы белгі қойылған бақылау мен қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және тексеруді тағайындау туралы актіні ұсыну, қызметтік күзетін не сәйкестендіру картасын, құзыретті органның режимдік объектілерге баруға арналған рұқсатын және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілген, объектілерге бару үшін қажет болатын медициналық рұқсаттаманы көрсету. Тексерулерді жүргізу, ұзарту, тоқтата тұру, қайта бастау, бақылау актілерін рәсімдеу барысында барлық қағидаттарды бұлжытпай сақтау маңызды. Нұсқамада көрсетілген, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін белгіленген мерзім ішінде ақпарат беруге міндетті. Осы кодекстің 462-ші, 684-ші бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары қарайды. Бұл ереже мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектілерінің барлық қатысушыларына қатысты, яғни құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер сотқа жолданып, әкімшілік жауаптылыққа тартуға негіз болады. Сот практикасында мұндай мысалдар сәулет, қала құрылысы саласында көбірек кездеседі. Азаматтық қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу процесінде де келеңсіз қоғамдық қатынастар жиі ұшырасады. Оның ішінде өрт фактілері адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, жеке және заңды тұлғаларға, қоғам мен мемлекет мүдделеріне материалдық нұқсан келтіретін техникалық және әлеуметтік сипаттағы арнайы қатерге жатқызылады. "Азаматтық қорғау туралы" заң бойынша азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі аумақтық және салалық кіші жүйелерден тұрады. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау профилактикалық бақылау және тексеру нысанында жүзеге асырылады. Өртке қарсы мемлекеттік қызмет ұйымдары бұзушылықтарды анықтаған жағдайда арнайы нұсқама береді. Талаптарды орындамаудың ақыры жауаптылыққа әкеп соқтырып, оның негізінде әкімшілік жазаға тартылады. Жеке тұлғаларға бес айлық, лауазымды адамдарға он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Жоғарыда атап өткендей, қоғамда қалыптасқан барлық қатынастарды мемлекет тарапынан реттеудің маңызы зор. Осы себепті адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, олардың заңды талаптарын, қоршаған ортаның бүлінбеуін, мүліктік мүдделерін қорғау құқықтық мемлекеттің негізін құрайтындықтан, мемлекеттік реттеудің мәні айрықша. Сондықтан экономиканың дамуына, ал кәсіпкерлер тарапынан заң нормаларының қатаң сақталуына, ұлттық экономикаға инвестициялар тартуды ынталандыратын механизмдерді жандандыруға, адал бәсекелестікті дамытуға, оған жағдайлар жасауға, шағын және орта бизнес өкілдерінің іскерлік беделіне нұқсан келтірмеуге бәріміз де мүдделі болуымыз тиіс.

Дархан БЕЙІСОВ,
Петропавл қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы.

• 14 тамыз – ҚР Мемлекеттік кіріс органдарының құрылған күні

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ МАҢЫЗДЫ ОРЫН АЛАДЫ

Ел Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалау туралы» Жарлығына сәйкес ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Кеден және Салық комитеттерін біріктіру арқылы құрылған болатын.

Бүгінгі таңда Мемлекеттік кірістер органдарының қызметі елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Экономиканың дамуы, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық, мемлекеттік бюджетке салық және кеден төлемдерінің тиімді түсуі, көлеңкелі экономикаға қарсы күрес, халықтың құқықтық сауаттылығы мен салық мәдениетін арттыру – осының бәрі мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің қажырлы еңбегі.

Қазақстанның әлемнің дамыған елдердің қатарына кіруі үшін мемлекеттік органдардың алдына бизнес-қоғамдастықпен өзара іс-қимылдың жаңа жүйесін құру және салық төлеушілерге ертеңгі күнге деген сенім ұялату міндеті жүктеліп отыр. Осылайша, төлемдер мен салықтарды жинау, бизнесті ақпараттандыру және сыртқы сауда айналымын ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау міндеттері арасындағы қажетті теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік кірістердің бірыңғай жүйесін құру қажеттілігі туындады.

Мемлекеттік кірістер органдарының басты міндеті салықтардың, кедендік төлемдердің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету, өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлеңкелі экономикаға қарсы күрес болып табылады. Осы ретте Тайынша ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Сағатов Жасулан Меңдібайұлына жолығып, сұқбат жүргізген едік.

– Мемлекеттік кірістер органдарының қызметі Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды орын алатыны айқын. Осы ретте жұмыс барысындағы басым бағыттарды атап өтсеңіз.

– Қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында салық органдары жұмысының басым бағыттарының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес болып табылады. Атап айтқанда, салықтық әкімшілендіру рәсімдерін автоматтандыру, электрондық қызметтер тізбесін кеңейту. Бұл ретте электрондық үкімет мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимылының бірыңғай тетігі екенін атап өткен орынды. Мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алу «Салық төлеушінің жеке кабинеті» сервистерін (cabinet.salyk.kz), сонымен бірге «Электрондық үкімет» порталы (egov.kz), eSalyc azamat және E-Salyc Business мобильді қосымшалары мен чат-ботты (SalycBot) пайдалану арқылы мүмкін болып отыр.

– Сіздердің жетістіктеріңіз – аудан экономикасының айнасы екендігі рас. Көлік және мүлік салықтарын төлеу мерзімдеріне тоқталып өтсеңіз.

– «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінің 494-бабының 3-тармағына сәйкес жеке тұлғалар үшін көлік салығын төлеу мерзімі есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей, яғни 2023 жылғы мерзім 2024 жылғы 1 сәуірден кешіктірмей төленуі тиіс. Салық кодексінің 532-бабына сәйкес мүлік салығын төлеуге қатысты есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей жүргізіледі.

Осылайша 1 шілдедегі жағдай бойынша жеке тұлғалардың 2022 жылға шақталған мүлік салығын есептеу жұмыстары жүргізілді. Мүлік салығын төлеу мерзімі 2023 жылғы 1 қазанға дейін. Азаматтар салық сомасын e-Salyc Azamat мобильді қосымшасы арқылы біле алады. Аталған жүйеде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізіп, «табу» батырмасын басу керек. Бұдан әрі төлемдер туралы ақпарат қолжетімді болады.

– Бүгінгі таңда интернет салтанат құрған заманда жүргізушілер көлік салығын қалай есептей алады?

– Жеке тұлғалардан алынатын көлік салығын ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің kgd.gov.kz порталында орналастырылған «Калькулятор» сервисін пайдалана отырып есептеуге болады. Қызмет «Электрондық қызметтер» бөлімінде және E-salyc azamat мобильді қосымшасында қолжетімді. Қосымшаларды AppStore және PlayMarket-тен жүктеп алуға болады.

– Жалпыға бірдей декларация бойынша оқырмандарымызға ақпарат бере кетсеңіз.

– Жалпыға бірдей декларациялау 4 кезеңде жүзеге асырылады. Барлық декларанттар жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы Декларацияны ұсынуы тиіс.

Бірінші кезеңде, яғни 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап декларацияны жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде: - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар және олардың жұбайлары; - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және олардың жұбайлары; - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар ұсынды және олардың жұбайлары; - «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларацияны ұсыну жөніндегі міндет жүктелген адамдар.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңіне Мемлекеттік



мекемелердің қызметкерлері мен олардың жұбайлары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайлары.

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне мемлекеттік және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлері (мектептердің, балабақшалардың, ауруханалардың, емханалардың қызметкерлері, дәрігерлер, педагогтер және басқа да бюджеттен жалақы алатын барлық қызметкер) жатады.

Үшінші кезеңде, яғни 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары, жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары декларациялауға жатады.

Төртінші кезеңде, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтардың барлық қалған санаты декларациялауға жатады. 2 кезең декларанттары үшін декларацияны ұсыну мерзімдеріне тоқталып өтсе, қағаз тасымалдағышта 2023 жылғы 15 шілдеден кешіктірмей, ал электрондық тасымалдағышта 2023 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей.

– Кәсіби мереке қарсаңында жылы лебізіңізді білдіріп, сұқбатымызды түйіндесеңіз.

– Біздің кәсібіміз тек терең білім мен пәрменділікті ғана емес, сондай-ақ кең дүниетанымды, шығармашылық потенциалды талап етеді, стандартты емес шешімдерді іздейді. Айтуды мереке қарсаңында мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерін құттықтай отырып, еңбекте табыс тілеймін! Еліміз үшін, бюджет тайқазанының толығын отыруы үшін жасаған әрбір істеріңізге сәттілік тілейміз!

– Сұқбатыңызға рақмет! Келе жатқан кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Еліміздегі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, елде қабылданған Заң нормаларын мүлтіксіз орындау, елдің мүддесін қорғауда атқарып жатқан жұмыстарыңызға тек жаңа серпін мен сәттілік тілейміз.

Сұқбат жүргізген
Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

Тамыздың үшінші жұлдызында аудандық мәслихат депутаттары жаңа оқу жылының қарсаңында ауылдық мектептердің дайындығын тексеру жөніндегі соңғы сапарын аяқтады. Бұл жұмыс сапары, әсіресе, ауыл мектептерінің жай-күйі туралы түсінік беруге, алдағы оқу жылына дайындық кезінде кездесетін қиындықтарды жойып, жақсы жетістіктерге жетуге бағытталған.

Подлесное ауылындағы мектептен жұмысын бастаған депутаттар мектептің ауыр жағдайына тап болды. Тек жеті оқушымен және реорганизацияға байланысты оқу үлгерімінің шектеулі деңгейімен мектеп көптеген қиындықтарға тап болады. Жұмыс істемейтін спорт зал, толық ғимарат емес ыңғайлы жүйелер және сертифицирленген су көзінің болмауы ыңғайсыздық туғызады. Су тапшылығы мен сапасы мәселесі депутаттардың назарынан тыс қалмай, осы сұрақты тұрақты комиссия барысында көтереміз деп шешті.

Көршілес Летовочное ауылында да депутаттар алдағы оқу жылына мектептің жақсы дайындығының күзгері болды. Мектепте білім алатын 82 оқушы, сабақ оқуға қолайлы ортада білім алады деп күтіледі. Жақында ғана өткен мектептің жөндеу жұмыстары соған дәлел.

Краснокаменка ауылының мектебі бос уақытты өткізуге арналған кең спорт алаңымен мақтана алады. Мектепте 31 оқушы болса да, жөндеу мектептегі атмосфераны әлдеқайда жақсартқан. Дегенмен, алдағы реорганизация және жылытудың ғимараттың кейбір бөліктерінен өшірілуі алаңдаушылық туғырады.

Талап ауылының 6 бала оқитын бастауыш мектебінде депутаттар сумен жабдықтаудың қорқынышты жағдайына тап болды. Ластануға байланысты рустикалық ұңғымаларды пайдалана алмау жаңа ұңғымалар немесе суды филтрлеу жүйелері сияқты жаңа шешімдердің қажеттілігін айтты.

Мәдениет ауылының білім ошағында 44 оқушы бар. Жалпы жылдар бойы бұл мектеп сапалы білім беруді қамтамасыз етуге ерекше мән беріп келеді. Мектеп оқушылары жыл көлемінде түрлі сайыстарға қатынасып, жүлделі орындарға ие болды. Алайда, байланыс мәселелері және интернет-мұнараға деген қажеттілік ауыл мектептеріне әсер ететін тұрақты цифрлық алшақтықты көрсетеді. Телефон мен интернет желісін жақсарту үшін ауылда 15 метрлік мачта салынуы қажет. Жалпы мектептің жаңа оқу жылына дайындығы өте жақсы. Барлық қауіпсіздік шаралары да қарастырылған. Білім ошағының жалпы ғимараты, кіре беріс мектеп ауласының тазалығы шағын ауылға ерекше сән беріп тұр. Шағын ауылдардағы білім ошақтарының шырағы ешқашан сөнбесін. Білім мен тәрбие сол шағын ауылдардан басталады десек, ол шындық. Красная Поляна кентінің мектебі 125 оқушыға арналған және интернетке қол жетімділікпен жабдықталған ортаны қоса алғанда, заманауи ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Мектеп маңайы тегіс абаттандырылған, жаңа оқу жылына дайындық жаңа-жаңа қарастырылған.

Озёрное мектебінде 32 оқушы білім алуда. Сонымен қатар, мектепте оқушылар үшін оқу процесін байытатын құнды мұражай бар. Мектеп оқуға ыңғайлы және жағымды. Сондай-ақ, бұл ауылда «Бейбітшілік патшайымы» ғибадатханасында орналасқан – «Қазақстан жұлдызы» алтары қасиетті көрікті жері орналасқан. Депутаттар осы жерде тоқтап, оларға ғибадатхана мен «Қазақстан жұлдызының» құрылу тарихы айтылды. Бұл таңғажайып рухани баспана туристер арасында жиі баратын орын болып табылады. 1938 жылы қазақ еліне жер аударылған поляктар 3 жыл бойы аштықтан жаппай көз жұма бергендіктен тірі қалғандары құдайға күнде сиынып, тілек тілеген екен. Осылайша 1941 жылы тілектері қабыл болып балығы мол көл пайда болыпты. Бұл көлдегі пайда болуын көпшілік – табиғи құбылыс десе, кейбіреуі аштықтың зардабын көрген католиктерге құдайдың берген сыйы деп түсінген екен. Осындай ерекше жаңалықты естіген Рим папасының өкілі Кардинал Роберт Сара 2014 жылы Солтүстік Қазақстан облысына арнайы келіп, «Қазақстан жұлдызы» алтарын «Бейбітшілік патшайымы» ғибадатханасына табыстап кеткен екен. «Қазақстан жұлдыздары» қасиетті жерінің болуы ауылға мәдени және тарихи құндылық береді.

Халық қалаулылары сапар барысында Многоцветное ауылында болды. Многоцветное ауылының мектебінде 52 оқушы білім алады. Мектеп жылдағы қалыптасқан жөндеуді сәтті аяқтап, ендігі мәселе дәретхана бөлмелерін жабдықтауды жақсарту жоспарынан айтты..

Сапар барысындағы соңғы мектеп Леонидовка ауылының мектебі болды. Бұл білім ошағы да өзінің оқу жылына толық дайындығымен ерекшеленді. 61 оқушы қолайлы әрі кешенді жабдықталған білім ошағында білім алады. Бұл оқу орны ауылдық жерлерде жақсы ұйымдастырылған білім беру мекемелерінің бірі екені бірден байқалды. Жалпы халық қалаулыларының қорытынды ой-пікірлері бойынша ойымызды түйіндер болсақ, шағын ауылдардағы білім ошақтары – білім мен тәрбиенің қайнар көзі. Сондықтан олар сақталып қалуы керек...

Жалпы ауыл мектептері депутаттарының тексеріс барысы осы мекемелердің алдында тұрған мәселелердің кең ауқымын көрсететінін атап өткен жөн. Әр мектеп судың жетіспеушілігінен бастап үй - жайларға техникалық қызмет көрсетуге дейін ерекше қиындықтар кездесіп жатады.. Депутаттардың проблемаларды көтеруге және шешімдерді басшылыққа ұсынуға күш салуы ауыл оқушыларының сапалы білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін үнемі назар мен ресурстардың қажеттілігін көрсететіні дұрыс бағыттағы қадамды білдіреді.

Жаннұр БЕКТҰРҒАНОВА, тілші.

Антикор ерікті болуға шақырады

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі азаматтарды «ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ВОЛОНТЕРЛІК» жобасының еріктісі болуға шақырады.

Жобаның мақсаты – қоғамда жемқорлыққа төзеушілік ахуалын қалыптастыру, сондай-ақ жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді және олардың салдарын жою бойынша жұмысты жүзеге асыру болып табылады.

Жобаның әлеуетті волонтерлері белсенді азаматтар, қоғамдық ұйымдар, студенттер, студенттік ұйымдар, зерттеу орталықтары, адвокаттар, нотариустар, сот орындаушылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерлер, сарапшылар, мамандар, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, жеке ұйымдар және т.б. бола алады.

Жоба аясында сіз келесі бағыттар (қызмет) арқылы жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсете аласыз: қоғамдық бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеу және ағарту, Pro bono волонтерлік (кәсіби көмек көрсету) және корпоративтік еріктілік. Атқарылатын жұмыс көрсетілген бағыттар мен іс-шаралармен шектелмейді және еріктілер жеке іс-шараларды немесе жобаның бағыттарын өзі жүзеге асыратын қызмет түріне қарай таңдай алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жеке үлес қосуға ниет білдірушілерге практикалық және әдіснамалық көмек көрсетілетін болады.

Жобаға қатысу үшін сіздер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне келесі мекенжай бойынша хабарласа аласыздар: Петропавл қ., Интернационал көшесі, 60, байланыс телефоны 8 (7152) 70-13-83.

Сондай-ақ, волонтерлерді тіркеу кандидаттың өтінім-сауалнамасын, өтінімдерді қабылдаудың қолжетімді байланыс құралдары арқылы қабылдау арқылы жүзеге асырылатын болады (eOtinish, upd.sko@antikor.gov.kz электрондық почтасы, WhatsApp 8 775 247 86 08).

ANTIKOR



«ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ВОЛОНТЕРЛІК»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ

Сайлау – 2023

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк, Краснополян ауылдық округтерінің және Тайынша қаласы әкімдеріне кандидаттарды тіркеу туралы Тайынша аудандық комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-5 бабына сәйкес аудандық сайлау комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы ауылдық округтерінің әкімдеріне және Тайынша қаласы кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Донецк ауылдық округі бойынша

Қахабаев Мұрат Мұхамбетқалиұлы, 1968 жылы туған, ауылдық округ әкімі, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, Донецк а., «AMANAT» партиясы» ҚБ Тайынша аудандық филиалы ұсынды;

Сыздықов Бақыт Серікұлы, 1980 жылы туған, ШҚ басшысы, «Олжас и К» Тайынша қ., өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Краснополян ауылдық округі бойынша

Жомартов Талғат Базарбайұлы, 1967 жылы туған, ауылдық округ әкімі, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, Тайынша қ., «AMANAT» партиясы» ҚБ Тайынша аудандық филиалы ұсынды;

Мәжімов Бауыржан Зиеденұлы, 1966 жылы туған, мектеп директоры, «Мәдениет негізгі мектебі» КММ, Мәдениет а., өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынды.

Тайынша қаласы бойынша

Жолтецкий Александр Анатольевич, 1968 жылы туған, уақытша жұмыс істемейтін, Тайынша қ., өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған;

Ханзадин Серік Балаханұлы, 1976 жылы туған, бас маманы, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ, Тайынша қ., өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған;

Шпаковский Валерий Анатольевич, 1972 жылы туған, қала әкімі, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ, Тайынша қ., «AMANAT» партиясы» ҚБ Тайынша аудандық филиалы ұсынды.

Аудандық сайлау комиссиясы.



"МЕКТЕПКЕ ЖОЛ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЦИЯСЫ

Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданында 2023 жылдың 1 тамызында жыл сайынғы "Мектепке жол" республикалық акциясы басталады.

Акцияның мақсаты - аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы төмен отбасылардағы балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Биылғы жылы қайырымдылық акциясына ерекше назар аударылып, **"Жақсылық жаса"** ұранымен өткізілуде.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке даярлауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке баратын жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға зейіні мен шынайы қамқорлығын көрсете алады.

Акцияның басталуы 2023 жылдың 1 тамызында, аяқталуы – 2023 жылдың 30 қыркүйегінде жоспарланған. Баланы мектепке дайындау, қажет нәрсенің бәрін сатып алу өте қымбат. Әсіресе, бірден бірнеше бала тәрбиеленетін отбасылар үшін, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылар үшін қиын. Біздің әрқайсымыз халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балаларды мектепке даярлауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта аламыз және көмек көрсете аламыз.

Балаларға мектепке дайындалуға көмек көрсетуге ниет білдіргендер тікелей Тайынша ауданының білім бөліміне немесе 8 (71536) 21259 телефоны бойынша, сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша білім беру ұйымына жүгіне алады.

ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ азаматтарға келесі объектілер бойынша иесіз мүлік құқығын тану туралы хабарлайды:

- 1) Красная Поляна ауылы, Садовая көшесі, 30 мекенжайы бойынша орналасқан медициналық пункт және жер учаскесі
 - 2) Озерное ауылы, Центральная көшесі, 5 мекенжайы бойынша орналасқан медициналық пункт және жер учаскесі
 - 3) Краснодарльск ауылы, Дружба көшесі, 15 мекенжайы бойынша орналасқан медициналық пункт және жер учаскесі
 - 4) Южное ауылы, Центральная көшесі, 18 мекенжайы бойынша орналасқан медициналық пункт және жер учаскесі
 - 5) Черниговка ауылы, Ливанов көшесі, 16 мекенжайы бойынша орналасқан медициналық пункт және жер учаскесі
 - 6) Южное ауылы, Садовая көшесі, 8. мекенжайы бойынша орналасқан әкімшілік ғимараты.
- Жоғарыда аталған объектілерге құқық белгілейтін құжаттары бар азаматтады заңды меншікті белгілеу үшін Краснополян ауылдық округі әкімінің аппаратына хабарласуды сұраймыз. Байланыс телефоны: 8(71536)54217.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПҚЕР!

«Тайынша агробизнес колледжі» КММ оқуға шақырады. Негізгі мектеп негізінде (9-сынып):

- 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» Біліктілігі: 3W10130301 «Кондитер-ресімдеуші», 3W10130302 «Аспаз»,
- 07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» Біліктілігі: 3W07161601 «Слесарь-жөндеуші», 3W07161603 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі»

11-сынып негізінде: 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» Біліктілігі: 3W10130302 «Аспаз» Байланыс телефоны: 8(71536)23090.

ҰСТАЗ – ҚҰРМЕТТІ СӨЗ

Ұстаздың әрбір сөзі, тіпті жұмсақ дауысы да балаға тіл жетпейтін тәрбие. Ол адамдардың өмірге деген көзқарасын, бір – біріне деген сый, құрмет сезімдерін қалыптастыратын, білім мен тәрбиенің кезін ашатын, адамгершіліктің нұрын төгетін адам. Мен білетін ардақты да, ұлағатты ұстаз - ол менің жерлесім, кезінде ауыл мектебінің ардақты ұстазы болған – Бақыт Сұлтанқызы.. Ол әрбір шәкірттерінің жан дүниесін, ішкі күйін, мінезін, жақсы да жаман қасиеттерін ажыратуды тереңнен біледі. Ұстаздың тілі, ұстаздың махаббаты, ұстаздың тілегі тіл жетпес бір жатқан теңіз емес пе? Ұстаздың жолы басқа. Ұстаз деген сөздің өзі ыстық. Ұстаз десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуы мүмкін емес. Міне, осы ардақты ауыл мұғалімі, қарапайым қазақтың қызы, бүгінгі таңда бір әулеттің от анасы, ауылдағы жас қыз-келіншектердің ақылшы әжелері шілденің 25 жұлдызында мерейлі 70 жасқа толды. Туған күні құтты болсын деп мынау жүрек жарды тілегімді жолдауды жөн көрдім.



Жеңгетай туған күнің құтты болсын!
Кемімесін жұртыңа алтын баған,
Туыпсың шілде айы жаз күнінде,
Қызығы табиғаттың сарқылмаған.
Сен менің жеңгем едің ардақтаған,
Байыбын әр нәрсенің салмақтаған,
Өмір өзен, адамды тағдыр білер,
Жас келген соң сыйластықпен жүрші аман.
Сен емес кәрілікке берілетін,
Болмашыға ұайымдап езілетін,
Рухың биік, сырласым өмір көрген,
Сен әлі бізге жас боп көрінесің
Сен бір жан бойың сергек, көзің ашық,
Өмірге жастайыңнан болған ғашық,
Жүре бер ортасында балалардың,
Дариядай көктемдегі көңілің тасып!
Әйелге ӘЖЕ болу ол да бақыт,
Қартайып сәніменен келсе уақыт,
Қызығын ұрпағыңның көре берші,
Алдыңнан немерелер гүлдер шашып!
Сыйластық арамыздан арылмасын,
Жұлдызы Қажығалидың жарқырсын,
Тойыңа шашуым деп жыр арнадым,
Алдыңда күн сәулесі тұрсын нұрын шашып!
Өмірің ұрпаққа өнеге мың,
Тілегім қуанышқа бөленгенін,
Жүзге келіп марқайып ортасында
Қылығына қуанып шөберенің!
Туған күніңмен!

Сыздықова Әсия. Теңдік ауылы.

АТ ҚОЮҒА АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

Басындағы байлығын бауырындағы баласымен өлшеген халқымыз сабиінің есіміне де ерекше мән берген. Ат қоятын адамның өзін аттай қалап, көп арасынан таңдап алғанын шешендік сөздер, тарихи деректерден жақсы білеміз. Өздері құрмет тұтатын, елге сыйлы азаматтарға сабиінің есімін қойғызған немесе бауыр еті баласына ырымдап, елге танымал тұлғалардың есімін берген.

Ат қоюға келгенде қазақтан артық қиялы ұшқыр халық жоқ шығар, сірә?! Қазір бейне бір бәсекеге айналып кеткендей. Жұртшылық баласына елде жоқ ерекше есімдерді қоюға құмар. Олардың бәрі бірдей мән-мағыналы, жарасымды болса бір жөн, естір құлаққа ерсі есімдер де естіліп қалып жүр. Балам болашақта қаржыдан тарықпайсың, қалталы болсын деген мақсатты көздеген бір жерлесіміздің сабиін Теңгек деп атағанын естігенде көңіліміз құлазып қалған. Жұырда телеарнадан елімізде Ромео, Теңіз, Эдельвейс, Саммидастана, Эверест деген есімді иеленген жандардың бар екенін білдім. Қазақстанда 27 Мәслихат, 21 Мәжіліс, 13 Нұрлыжол, 9 Нұротан, 7 Сенат, 7 Партия есімді бар көрінеді. Соңғы жылдары Әлихан, Кәусар, Томирис есімдері жиі қойылуда. Әрине, қазақ жігіттерінің Әлихан Бөкейхановтай ұлтжанды тұлға, қыздарымыздың Тұмар ханшайымдай намысты болғанын бәріміз қалаймыз. Алайда ат қоюда тавтологияға жол бергеніміз де дұрыс болмас. Қазақтың бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіге жүріп қызмет еткен, бүгінде есімдері ұмытылып бара жатқан өзге де Алаш арыстарының аттары қайта жаңғырса нұр үстіне нұр емес пе?

Жанар АЛДИЯРҚЫЗЫ, Петропавл қаласының тұрғыны.

Тайынша ауданының Тайынша қаласы әкіміне кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі				
№	Тайынша ауданының қала әкіміне кандидаттардың Т.А.Ә.	Кездесулер өткізу күні	Кездесулер өткізу уақыты	Кездесулер өткізу орыны
1	ЖОЛТЕЦКИЙ Александр Анатольевич	2023 ж. 14.08	11.00	г. Тайынша Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы «Аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдениет үйі, Тайынша қ.
2	ШПАКОВСКИЙ Валерий Анатольевич	2023 ж. 15.08	11.00	
3	ХАНЗАДИН Серік Балаханұлы	2023 ж. 16.08	11.00	
Тайынша ауданының Донецкий ауылдық округінің әкіміне кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі				
№	Тайынша ауданының ауылдық округ әкімдеріне кандидаттардың Т.А.Ә.	Кездесулер өткізу күні	Кездесулер өткізу уақыты	Кездесулер өткізу орыны
1	ЕСЕНБАЕВ Асқар Серікұлы	2023 ж. 14.08	11.00	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецкое ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәдениет үйі, Донецкое а.
2	СЫЗДЫҚОВ Бақыт Серікұлы	2023 ж. 15.08	11.00	
3	ҚАХАБАЕВ Мұрат Мұхамбетқалиұлы	2023 ж. 16.08	11.00	
Тайынша ауданының Краснополян ауылдық округінің әкіміне кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі				
№	Тайынша ауданының ауылдық округ әкімдеріне кандидаттардың Т.А.Ә.	Кездесулер өткізу күні	Кездесулер өткізу уақыты	Кездесулер өткізу орыны
1	ЖҰҚАШЕВ Жаслан Рашитулы	2023 ж. 14.08	11.00	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Краснополян орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Красная Поляна а. (келісім бойынша)
2	ЖОМАРТОВ Талғат Базарбайұлы	2023 ж. 15.08	11.00	
3	МӘЖІМОВ Бауыржан Зиеденұлы	2023 ж. 16.08	11.00	

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Тайынша-Таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – «Тайынша таңы» газетінің меншік иесі сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы мәлімдейді. 2023 жылғы 27 тамызға белгіленген Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Донецк, Краснополян ауылдық округтерінің және Тайынша қаласының әкімін сайлауға қатысу үшін тіркелген кандидаттарға «Тайынша таңы» аудандық газетінде баспа алаңдарын ұсыну үшін төлем мөлшері газет иесінің баға саясатын негізге ала отырып айқындалады және 1 (бір) шаршы см үшін 150 (жүз елу) теңгені құрайды.

Г.Ж.Нұрғалина, «Тайынша – Таңы» ЖШС-нің директоры.

САЙЛАУ – 2023 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленді.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 259. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.